

*Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жананың ашыса, азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан
теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді
ұмытпа!*

Н.Ә.Назарбаев



Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық» - деген сөйлемінде шынайы көшбасшыны бейнелейді. Міне, біз де осындай ел ертеңіне іскерлік қабілетін, білімі мен білігін арнайтын жастар өскенін қалаймыз. Бұл мектептің әр тыңдаушысы ең алдымен Отанды сүюдің, туған еліне сүйіспеншіліктің биік көрінісін көрсеткен – Жақия ұстаздың

жолын басшылыққа алмақ.





Алғашқы күннен бастап үлкен жігермен, жауапкершілікпен кірісетін бұл білім алушылардың алдарындағы міндеттері оңай емес.


ШШМБ мақсаты ҚР халықтары арасында келісім мен бейбітшілік орнатуды сақтауға қабілеті, шынайы – қоғамдық білімі, саналы және шығармашылық мінезі, идеялық бағыты, мақсатқа жетуге ықпал етуі, кәсіби қызметтегі жоғары инновациялық динамика жағдайында өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі оқытуға әрдайым дайын болатын, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары бәсекелестікке қабілетті, кәсіби ұтқыр тұлғаны қалыптастыру болып табылады.



Шайжүнісов шыңын бағындырушылар мектебінің әр жылдардағы тыңдаушылары

2012 жылы колледжіміз Экономика және қаржы колледжінен Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж болып өзгерді. Ұлағатты ұстаздың жолын жалғау үшін жаңа мамандықтар қосылып, колледж ішінен Шайжүнісов шыңын бағындырушылар мектебі құрылды. Колледж ұжымының бас қосуында, үлкен талқыдан өтіп, мектептің Ережесі дайындалып, қабылданатын тыңдаушылардың міндеттері мен мақсаттары айқындалды.





Педагогикалық ұжым осы оқу жылында өздерінің озат білімдерімен, колледжішілік және қалалық олимпиадалар мен байқауларда белсенділік танытып, жеңісті орындарды иеленген, сонымен қатар, өздерінің үлгілі тәртібі мен тәрбиесі жағынан биіктен көріне білген білім алушылардың колледж ұжымы мен білім алушылары алдында Аһт беріп, қабылданғаннан кейінгі атқаратын міндеттері көп.

Ант

Біз, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақ КСР-інің Еңбек сіңірген мұғалімі, Халық мұғалімі, Социалистік Еңбек Ері, «Ленин» орденінің кавалері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Жақия Шайжүнісовтың шыңын бағындырушылар мектебінің тыңдаушылары, Шайжүнісов Жақия Шайжүнісұлының рухына тағзым ете отырып, оқытушылардың және құрметті қонақтардың алдында

АНТ ЕТЕМІЗ:

- арнайы білімді табанды және терең меңгеруге, сондай-ақ адал еңбек етуге;*
- мектептің ішкі ережелерін қатаң сақтауға және оның орындалуын басқалардан талап етуге;*
- мектеп дәстүрлерін құрметтеуге, сақтауға және көбейтуге;*
- өз мүмкіндіктерімді, ақыл мен рух күшімді туған елімнің мәдениеті, өнері және басқа да салаларының гүлденуіне жұмсауға.*

Қайда болсақ та, қандай қызмет атқарсақ та

АНТ ЕТЕМІЗ:

- жеткен жетістіктерімізде тоқтап қалмауға, өз білімдерімізді толықтыруға, жетекшілеріміздің даналыққа толы ақылдарын үнемі есте сақтауға;*
- шыншыл және талапшыл, салмақты да табанды, мейірімді де адал, ержүрек және шешімді болуға*

АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ!



Дублер сабақтарын өткізу сәттірінен көрініс



Ахметова Ақбота мен Смирнова Марина



Жақсылықова Адель

Әр жылдардағы ШШБМ-нің белсенді тыңдаушылары



Қазкен Ботагөз



Бекбусинова Зарина



Төлеугазина Бұлбұл



Саметова Жансая



Азимова Малике



Бақытгазы Жанна

Сабақтан тыс шаралардан көрініс

Союзбек Елдар



Мейрамбай Кәусар



Махмұт Медхат



Чикишева Алина, Қырықбаева Аяулым

Әр жылдардағы ШШБМ құрамы



ШШБМ ұйымдастырған қайырымдылық шаралары

